

**"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111  
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 тамыздағы № 553 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы  
№ 581 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері"  
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111  
қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын  
тану талаптарын және тәртібін белгілеу;"

ведомстволардың функцияларында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы  
оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес:

бастауыш білім;

негізгі орта білім;

жалпы орта білім;

біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың  
топтары бойынша техникалық және кәсіптік білім;

біліктіліктер бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтардың  
топтары бойынша орта білімнен кейінгі білім;

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары білім;

кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

діни білім беру үшін білім беру қызметімен айналысуға лицензиялауды  
электрондық түрде жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 1-8) тармақшамен толықтырылсын:

"1-8) білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, білім беру ұйымының қайта ұйымдастырылуына байланысты білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу мәселелерін алқалы және жария қарау үшін консультациялық-кеңесші орган құру;"

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану рәсімін жүзеге асыру;

7-2) танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімдерін қалыптастыру;"

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*